

Қазақстан Республикасындағы инфляция

Релиздың күні: 01.04.2024

Келесі релиздің күні: 02.05.2024

[1. Негізгі сәттер](#)

[2. Инфляция динамикасы](#)

[3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

[4. Глоссарий](#)

[5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

[6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)


[7. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі сәттер

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2024 жылғы наурызда баяулады, бір жылда 9,1% (2024 жылғы ақпанда – 9,3%), бір айда – 0,7% құрады (өткен айда – 1,1%).

Баға ақылы қызметтерге бір жылда 13,2% (2024 жылғы ақпанда – 12,8%), азық-түлік емес тауарларға – 8,2% (2024 жылғы ақпанда – 8,5%), азық-түлік тауарларға – 6,9% өсті (2024 жылғы ақпанда – 7,4%).

1-сурет. 2022-2024 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы жылдық инфляция



2. Инфляция динамикасы

Өткен жылғы наурызбен салыстырғанда тарифтер су бұруға – 42%, суық суға – 36,5%, орталықтан жылытуға – 33,2%, ыстық суға – 31,9%, қоқыс шығаруға – 30,7%, электр энергиясына 26,1% өсті.

Баға санаторийлер қызметтеріне – 15,1%, кешенді демалыстарды ұйымдастыру қызметтеріне – 13,6%, денсаулық сақтау қызметтеріне – 12,7%, демалыс және спорттық іс-шаралар саласындағы қызметтерге – 12,6%, ұялы байланыс қызметтеріне – 12,4%, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындары қызметтеріне 11,6% жоғарылады. Жолаушылар әуе көлігімен жол жүру – 16,8%,

таксимен – 12,3%, қалалық автобуспен – 9,3%, қалааралық автобуспен – 6,7%, жолаушылар теміржол көлігімен 5% қымбаттады.

Баға деңгейі отандық құрастырма жаңа жеңіл автомобильдерге – 16,8%, фармацевтикалық өнімдерге – 11,3%, жиһаз және үйге қажетті заттарға – 11,2%, киім және аяқ киімге – 10,9%, жеке қолданылатын тауарларға – 9,9%, ыдысқа – 7,5%, құрылыс материалдарына 6,6% өсті. Дизель отыны – 15,1%, бензин – 13,6%, сұйытылған газ баллондағы 13% қымбаттады.

Бағаның өсуі күрішке – 22,7%, жұмыртқаға – 19%, жаңа жиналған жемістерге – 17,9%, минералды және ауыз суға – 17%, салқындатылған сусындарға – 15,7%, алкогольді ішімдіктер және темекі өнімдерге – 14,2%, жаңа ауланған балыққа – 12,8%, жеміс және көкөніс шырындарға – 12,2%, сары майға – 11,6%, пастерленген сүтке – 10,8%, консервіленген сүтке, тоқаш және ұннан дайындалатын кондитер өнімдерге – 10,2%-дан, майлылығы 2,5% айранға – 10,1% тіркелді. Бағаның төмендеуі басты пиязға – 45%, қарақұмық жармасына – 25,1%, күнбағыс майына – 24,6%, картопқа – 10,9%, құмшекерге 10,1% байқалды.

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы наурызда инфляция жылдық мәнде орташа республикалық деңгейден асатын он өңірде қалыптасты, олардың ішінен ең жоғары Қарағанды (10,8%), Маңғыстау (10,1%) және Павлодар (9,8%) облыстарында.

1-кесте. Өңірлердегі наурыз айындағы жылдық инфляция, %

	2024	2023	2022
Қазақстан Республикасы	9,1	18,1	12,0
Абай	9,3	17,8	...
Ақмола	9,0	18,8	12,6
Ақтөбе	8,8	17,7	12,9
Алматы	6,5	16,7	11,7
Атырау	9,2	18,3	10,7
Батыс Қазақстан	8,6	18,5	10,7
Жамбыл	8,5	17,2	11,8
Жетісу	9,2	18,1	...
Қарағанды	10,8	18,5	12,0
Қостанай	8,3	17,9	11,9
Қызылорда	8,1	18,3	11,1
Маңғыстау	10,1	21,7	11,9
Павлодар	9,8	18,7	11,4
Солтүстік Қазақстан	9,7	18,9	11,7
Түркістан	8,0	17,8	12,9
Ұлытау	9,0	18,3	...
Шығыс Қазақстан	9,7	18,7	12,0
Астана қаласы	9,4	19,9	12,0
Алматы қаласы	9,7	17,2	12,3
Шымкент қаласы	9,1	16,6	12,4

Динамикалық кестелер:


[1. 2000-2023 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[2. 1993-2023 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлесті азық-түлік және алкогольсіз сусындар (2,6 пайыздық тармақ), тұрғын үй қызметтері (2,1 пайыздық тармақ), киім және аяқ киім (1 пайыздық тармақ) қосты.

2-сурет. 2023 жылғы наурызбен 2024 жылғы наурыз аралығында Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі



Өткен жылда баға нан өнімдері мен жармаларға – 8,9%, ет және ет өнімдеріне 6% жоғарылады және инфляцияға тиісінше 0,6 және 0,7 пайыздық тармақ негізгі үлес қосты. Жылдық инфляцияға жұмыртқалар – 19%, алкогольсіз сусындар 9,8% қымбаттауы және 0,2 пайыздық тармақтан, сүт өнімдері (9,1%) – 0,4 пайыздық тармақ, жемістер мен көкөністер (5,4%) – 0,3 пайыздық тармақ үлес қосты.

ТҚШ қызметтері бір жылда 15,9% қымбаттады, ал олардың инфляцияға үлесі 2,1 пайыздық тармақты құрады. 2024 жылғы наурызда орталықтан жылыту өткен жылғы наурызбен салыстырғанда 33,2% жоғары болды және жылдық инфляцияға 0,3 пайыздық тармақ, электрэнергия (26,1%) – 0,5 пайыздық тармақ, суық су (36,5%), тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер (7,6%), тұрғын үйді жалға алу (7,3%) – 0,2 пайыздық тармақтан үлес қосты.

2-кесте. 2024 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

Тауарлар мен қызметтер	Өсу қарқыны	Баға өсіміне салым
Азық-түлік тауарлар	6,9	2,814
Нан өнімдері мен жармалар	8,9	0,603
Ет және ет өнімдері	6,0	0,713
Сүт өнімдері	9,1	0,354
Жұмыртқа	19,0	0,238
Май және тоң май	-5,9	-0,132
Жемістер мен көкөністер	5,4	0,332
Қант	-9,7	-0,111
Алкогольсіз сусындар	9,8	0,202
Азық-түлік емес тауарлар	8,2	2,532
Киім	10,3	0,662
Аяқ киім	12,2	0,375
Жуғыш заттар	0,1	0,004
Бензин	13,6	0,319
Жеке қолдану тауарлар	9,9	0,299
Ақылы қызметтер	13,2	3,707
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері	15,9	2,061
тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем	8,8	0,064
тұрғын үйді жалға алу	7,3	0,211
тұрғын үй жайларды жөндеу және қызмет көрсету	7,6	0,193
суық су	36,5	0,185
ыстық су	31,9	0,123
қоқыс шығару	30,7	0,088
суды бұру	42,0	0,095
электрэнергия	26,1	0,534
газ	9,8	0,107
тарату желілері арқылы тасымалданатын газ	9,1	0,083
сұйытылған	13,0	0,024
орталықтан жылыту	33,2	0,323
қатты отын	9,2	0,130
домофон	5,6	0,008

Бір айда ақылы қызметтер бағасының деңгейі 1,1%, азық-түлік тауарларға – 0,6%, азық-түлік емес тауарларға – 0,5% өсті.

3-кесте. Бір айдағы инфляция, %

	Наурыз			
	тауарлар мен қызметтер	азық-түлік тауарлар	азық-түлік емес тауарлар	ақылы қызметтер
2019	0,5	1,0	0,3	0,2
2020	0,9	1,7	0,4	0,5
2021	0,6	0,8	0,7	0,2
2022	3,7	5,8	2,8	1,4
2023	0,9	1,1	0,8	0,8
2024	0,7	0,6	0,5	1,1

Динамикалық кесте:

[2000-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын](#)

4. Глоссарий

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;
- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады. Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 508 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген

тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)

[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)

[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексін құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)

["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері"Ц-101 нысаны](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

www.new.stat.gov.kz / Экономика/ Баға статистикасы

Шығаруға жауапты: Баға статистикасы департаменті	Орындаушы: А.Макижанова Тел. +7 7172 749265	Департамент директоры: Қ. Жақыпбекұлы Тел. +7 7172 749057	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы